доктор юридических наук, доцент, г. Астана, Республика Казахстан;
e-mail: nbiekenov@mail.ru*

Салкебаев Талгат Смагулович

*Докторант Карагандинской академии Министерства внутренних дел
Республики Казахстан имени Б. Бейсенова,
г. Караганда, Республика Казахстан;
e-mail: salkebaev@mail.ru*

Ключевые слова: муниципальная полиция, местная полицейская служба, охрана общественного порядка, «нулевая терпимость».

Аннотация. В статье анализируется ход становления местной полицейской службы и первые результаты ее деятельности в обеспечении охраны общественного порядка и дорожной безопасности, а также профилактики правонарушений.

Создание местной полицейской службы в Казахстане, которая в тесном сотрудничестве с местным сообществом должна обеспечить режим «нулевой терпимости» к мелким правонарушениям, было обозначено Главой государства в 30-м шаге Плана Нации «100 конкретных шагов». В рамках данного шага Парламентом был принят Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам деятельности местной полицейской службы», который вступил в действие с 1 января 2016 года.

Авторы на основе изучения рассматриваемого вопроса с выездом в регионы, а также анализа статистических показателей состояния общественного порядка и преступности предприняли попытку сформулировать семь предварительных выводов процесса становления новой службы.

В частности отмечается недостаточное понимание как рядовыми сотрудниками, так и их руководителями, сути задач, поставленных законом. Прежде всего, это выражается в принижении роли профилактики правонарушений, которая законодательно определена первоочередной задачей местной полицейской службы.

Выявлены законодательное и организационное несовершенство функционирующей модели местной полицейской службы.

Указывается на слабую организацию работы с населением и соответственно низкий уровень доверия с его стороны к реформам, проводимым в полицейской системе.

Отмечается недостаточность взаимоотношений местной полицейской службы и Общественных советов, а также методов взаимодействия с акиматами.

Кроме того, обращается внимание на низкое состояние законности и дисциплины среди личного состава, а также недостаточное кадровое и материально-техническое обеспечение местной полицейской службы.

SOME CONCEPTUAL QUESTIONS OF ORGANIZATION AND ACTIVITIES OF LOCAL POLICE SERVICES

Biekenov Nurlan Amangeldinovich

*Head of the section of the Department of law enforcement of the
Administration of the President of the Republic of Kazakhstan,
Doctor of Law, associate Professor, Astana, Republic of Kazakhstan;
e-mail: nbiekenov@mail.ru*

Salkebaev Talgat Smagulovich

*Doctoral candidate of the Karaganda Academy of the Ministry
of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after B. Beisenov,
Karaganda, Republic of Kazakhstan; e-mail: salkebaev@mail.ru*

Keywords: municipal police, local police services, protection of public order, «zero tolerance».

Annotation. The article analyzes the course of formation of the local police service and the first results of its operations to ensure the protection of public order and road safety, and crime prevention.

The creation of a local police service in Kazakhstan, which in close cooperation with the local community should ensure the regime of «zero tolerance» towards minor offenses, was indicated by the Head of State in the 30th step of the National Plan «100 concrete steps.» As part of this step, the Parliament adopted the Law “On introducing amendments and addenda to some legislative acts of the Republic of Kazakhstan on the activities of the local police service», which came into force on 1 January 2016.

Authors attempted to formulate seven preliminary findings of the process of formation of the new service based on the study of the issue with visits to the regions, as well as the analysis of statistical indicators of the state of public order and crime.

In particular, the lack of understanding of the essence of the objectives set by law by employees and their managers is noted. First, it is expressed in belittling the role of crime prevention, which is a legally defined priority of the local police service.

The legislative and organizational imperfection of the functioning model of the local police service is revealed.

Poor organization of the work with the population is indicated and thus low levels of trust on its part to the reforms in the police system.

Authors note the lack of relationships of local police services and public councils, as well as methods of interaction with the akimats.

In addition, the attention is drawn to the low state of the rule of law and discipline among the personnel, as well as the lack of personnel and logistics support of the local police service.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Бес институционалды реформаны жүзеге асыру бойынша «100 нақты қадам – Ұлт жоспарын» орындауға берген тапсырмасына сәйкес ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап 24 мың бірліктен тұратын жергілікті полиция қызметі (бұдан әрі – ЖПҚ) құрылып, жұмыс істей бастады¹.

Оның негізгі атқаратын міндеттері – қоғамдық тәртіпті қорғау, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқық бұзушылық профилактикасы деп заңнамалық деңгейде бекітілген².

Негізінен учаскелік полиция инспекторлары қызметі, жол-патрульдік полиция, ювеналдық, табиғатты қорғау полициясы, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау, қабылдау-бөлу және арнайы қабылдау бөліністерінен тұратын ЖПҚ ішкі істер органдарының құрылымын оңтайландыру мақсатында туындаған.

Қазіргі күні полицияны басқаруда олқылықтар орын алуда. Жергілікті полиция қызметінің бастығы әрі ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесіне кіріп, әрі Ішкі істер департаменті бастығының орынбасары болып табылатын бағыныстылық жүйесі бірізді қалыпқа түспей жатыр. Бұл

жайт – жергілікті полиция қызметінің өтпелі кезеңде тұрғанының айқын бір белгісі.

Дегенмен, бұның өзі бірыңғайлық пен бағыныстылық қағидаттарын, сондай-ақ құқық бұзушылық профилактикасының көпдеңгейлі жүйесін сақтауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні ЖПҚ тиісінше құқықтық және әдістемелік базамен қамтамасыз етілген. Барлық кадрлық мәселелер шешімін тапқан.

Жалпы алғанда, осы жылғы 1 қаңтарда құрылған ЖПҚ өзіне жүктелген міндеттерді қамтамасыз етіп, ішкі істер органдарының құқық қорғау әлеуетін төмендетпеуге күш-жігерін жұмсауда.

ЖПҚ-н мониторингтеу аясында, бастапқы құрылу кезінде орын алған бірқатар олқы тұстар мен кемшіліктер шұғыл түрде жойылғаны көрінеді.

ЖПҚ-не алдын ала тұжырым жасайтын болсақ, бір жағынан полицияның жеке-леген бөлімдері жұмысының жақсарғанын көрсетсе, екінші жағынан оны ұйымдастыру мәселелерінде бірқатар кемшіліктер байқалып та үлгерді.

Есесіне, жол-патрульдік полиция нарядының (15,2%-ға, 7940-тан 9146-ға

¹ Н.Ә. Назарбаевтың «5 институционалды реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» – Ұлт жоспары // <http://www.akorda.kz> (2016 жылғы 1 қазан).

² «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті полиция қызметінің жұмысы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі // <http://adilet.zan.kz> (2016 жылғы 1 қазан).

дейін) және учаскелік полиция инспекторлары қатысуымен (16,8%-ға, 10554-тен 12323-ке дейін) ашылған қылмыстар саны көбейді.

Анықталған әкімшілік құқық бұзушылық **111 мыңға** артқан (9,4%-ға, 1177594-тен 1288739-ға дейін).

Мақсатты жұмыстың нәтижесінде жол апаты оқиғасының саны 2% (5139-дан 5038 –ге дейін), жолда қайғылы қазаға ұшырағандар саны 10,4% (602-ден 541-ге дейін), жараланғандар саны 1,5% (6537-ден 6436-ға дейін) төмендеген.

ЖПҚ бөлімдері **материалдық-техникалық** тұрғыдан қамтылған.

Осылайша, ЖПҚ үшін жергілікті атқарушы органдар 9 мыңнан аса бейнетаспа тіркеуіш алған (қосымша 7,6 мыңнан аса бейнетаспа тіркеуіш қажет).

Жыл соңына дейін 2,5 мыңға жуық бейнетаспа тіркеуіш тасымалдағыш, 140 мобильді бейнетаспа тіркеуішін сатып алу жоспарланған³.

Сонымен бірге ағымдағы жылдың сәуір-қыркүйек айларында өткен қоғамдық орындардағы криминогендік жағдайға талдау жүргізудің және инспекторлық тексерістердің нәтижелері (Алматы қаласы, Алматы, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды және Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша), сондай-ақ азаматтардың шағымдары ЖПҚ жұмысының **тиімсіздігін** айғақтайды.

Өзара іс-қимыл арқылы әрі мәселені көтергенде, мынадай бірқатар алдын ала тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді.

Бірінші тұжырым. Қатардағы қызметкерлердің, олардың басшыларының заңда қойылған міндеттерді жете түсінбеуі. Бұл алдымен құқық бұзушылық профилактикасы рөлін төмендетуден көрінеді. Ал бұл ЖПҚ-нің алдына заңнама қойған басты міндеттерінің бірі еді. Нақтылай айтсақ, уәж «ұстау-отырғызу» қағидатына сүйенетін сотқа, өйткені ол ұрлық, өзге де қылмыстық құқық бұзушылық үшін бас бостандығынан айыруды аз қолданады.

Яғни, Қазақстан құқық бұзушылықтың алдын алу үшін «мүлдем төзбеушілікті» негізге алатын Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі – ЭЫДҰ) елдерінің тәжірибесін ұстанатынын ұмытпаған абзал. Бұл адамды бас бостандығынан айыруға қарағанда қиынырақ болатыны рас. Өйткені бұл игілікті іс мемлекет пен қоғамнан белгілі бір іс-қимылды, көптеген субъектілердің қатысуын керек ететіні шындық. ЖПҚ негізгі міндеті бұл жүйеге етене сіңісіп,

одан өзіне тән лайықты орнын таба білуінде жатыр. Сонда ғана шынайы нәтижеге қол жеткізуге болады.

Екінші тұжырым. ЖПҚ-нің бұл үлгісі заңнамалық тұрғыдан да, ұйымдастырушылық тұрғыдан да жетілмей тұр.

«Ішкі істер органдары туралы» Заңы бойынша ЖПҚ әкімшілік полиция құрылымына кіреді, ол жергілікті полиция қызметінің өз алдына бөлек жеке-дара қызмет етуіне мүмкіндік бермейді.

ЖПҚ-нің жұмысын толық атқарып кетуіне жергілікті атқарушы билік органдары да қолдау танытпауда. Бұл көзқарас жергілікті полиция қызметі жұмысының түпкі нәтижесіне өз жауаптылығын сезінбеуінен туындайды.

Қазіргі күні жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басты міндеті тек қосымша қаржыландыруға келіп тіреледі (бейнетаспа тіркеуіш, автокөліктермен қамтамасыз ету, ЖПҚ ғимараттары мен қызметтік орындарын ағымдағы күрделі жөндеуден өткізу).

Алайда, ұқсас шетелдік тәжірибені зерттеген ғалымдар муниципалдық (жергілікті) полицияның жергілікті биліктің бақылауында екендігін көрсетеді, тіпті ұсақ муниципалдық құрылымдарда да солай. Оның үстіне құзыреті қоғамдық тәртіпті қорғау мен тұрғылықты жерді патрульдеумен ғана шектеледі [1, с. 33-34; 2, с. 98; 3, с. 76-77].

Сондай-ақ ЖПҚ мен Ішкі істер департаменті орынбасарлары лауазымда қатар болуы себепті басқару мүддесінің аясында даулар туындап қалып жүр, өйткені олар осы қызметтерге әлі күнге бақылау жасайтыны рас. Кей өңірлерде бұл даулар асқынып, ашық қарсылыққа дейін баруда.

Іс жүзінде әкімшілік полицияның автотжол инспекциясы, лицензиялау-рұқсат ету жүйесі, сондай-ақ көші-қон полициясы бөліністері, әсіресе аз қамтылатын аудандық ішкі істер бөлімі, қалалардағы Ішкі істер басқармасы бойынша әкімшілік құқық бұзушылықты тізімге алып, тіркеу жұмысын ЖПҚ-нің тиісті бөліністерінің қызметкерлері жүзеге асырады.

Сонымен қатар ЖПҚ қызметкерлерінің күнделікті қызметінде басшылыққа алар нормативтердің болмауы үлкен қиындық туындауда:

- ЖПҚ-нің бағалау өлшемдері;

- әкімшілік қамауға алынғандарды ұстайтын орындардың болмауы, өйткені соттың шығарған шешімі мен сот қаулысымен

³ 2016 жылғы бірінші жартыжылдықтағы қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қорғау туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ақпараты ақпараты // Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Құқық қорғау жүйесі бөлімінің материалдары.

ресімделетін арнаулы қабылдағышқа апаруға дейінгі аралықта 4-6 сағат өтетіні сөзсіз;

- сотталғандарды облыстық наркологиялық диспансерге апарғанда медицина қызметкерлерінсіз жүзеге асырылатын учаскелік полиция инспекторларының жеткізуін реттейтін нормалардың болмауы.

Үшінші тұжырым. Тұрғындармен жұмыс жасауды ұйымдастырудағы жіберілген олқылықтарға байланысты полиция жүйесінде жүргізіліп жатқан реформаларға халықтың сенімінің азаюы.

ЖПҚ ерекшелігі – өз қызметін халықпен тығыз қарым-қатынаста жүзеге асыру үшін құрылуы. Тыныштықты сақтау, көше мен аулалардағы тәртіпті күзету, отбасында ұрыс-төбелес шығарудың алдын алу, алкогольді ішімдіктерді белгіленген уақытта сатуды қатаң ұстану, кәмелетке толмағандардың демалысын ұйымдастыру, т.б. көптеген міндеттер жергілікті полицияның қарауындағы істер. Алайда бұл аталған мәселелерді жергілікті полиция қызметі арқылы ғана шешуге болады деген сөз емес. Бұл мүмкін де емес. Азаматтардың кез келген ұсақ құқық бұзушылықтарды болдырмауды маңызын ұғынуы – полицияға қол ұшын беріп көмектесудің, құқық бұзушылықтың орын алғанын хабарлап отыруының, жасалуына кедергі болудың шұғыл қажетті шарттары десек, артық айтқандық емес. Өйткені бұл полицияның халық үшін қызмет ететінінің айқын белгісі.

Сондықтан ЖПҚ мен жергілікті билік органдарының негізгі міндеттерінің бірі азаматтарды әлеуметтік серіктес болуға ұмтылдыру (жекелеген таксопарк автожүргізушілерінің орын алған құқық бұзушылықтарды полицияға хабарлап отыру секілді), сондай-ақ азаматтарды тұрғылықты жерінде қоғамдық тәртіпті қорғауға көптеп жұмылдыру болып табылады (мәселен, АҚШ, Австралия және Германиядағы «Көршілік қарау» дәстүрі)⁴.

Төртінші тұжырым. ЖПҚ мен Қоғамдық кеңестердің өзара байланысының талап етер қажетті деңгейде еместігі.

ІМ, облыстардың, Астана мен Алматы қалалары Қоғамдық кеңестерінің жұмыс жоспарларын талдау кезінде, олардың бұл жұмысқа тартылмағандығын әйгілейді.

Полиция қызметкерлерінің әдеп нормаларының бұзғандығы туралы азаматтардың шағымдарын қарау тәжірибеге енген⁵. Бұл жоспардағы қоғамдық бақылау жасаудың тиімді нысандарының бірі – ЖПҚ-мен бірлесе отырып Қоғамдық кеңес мүшелерінің азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдауды, облыс аудандарында тұрғындармен кездесулерді ұйымдастыру болар еді. Қоғамдық кеңестер жергілікті полиция жұмысына ұдайы қадағалау жасап, полицияға көмек берген азаматтарды марапаттап, тұрғындар арасында құқықтық тәртіпті сақтау мен құқықтық тәртіпті құрметтеу әрі полицияның күнделікті өмірінде қол ұшын беруді ұйымдастарса, құба-құп болар еді.

Жергілікті полициямен өзара байланыс жасаудағы шетелдік тәжірибені зерделегенде байқағанымыз, әрбір тұрғылықты жердің жергілікті қауымдастығы полиция қызметінің бағалау өлшемдерін дайындағанда әрбір жеке пікір ескеріліп отырады екен. Бұл бағалау өзге өңірлердегі уәкілетті құрылымдардың тиісті бағалауымен сәйкес келмеуі де мүмкін. Егер Қоғамдық кеңестер өз өңірінің ерекшеліктері мен басымдықтарын негізге ала отырып өзіндік бағалау өлшемдерін жасайтын болса, оның тиімділігі арта түсері сөзсіз деп білеміз.

Бесінші тұжырым. ЖПҚ мен әкімдіктердің өзара байланысының әдістері мен ұстанымдарын түбегейлі жетілдірудің қажеттілігі.

Бас прокуратура мәліметтеріне жүгінсек, 2016 жылдың 8 айында қылмысты қайталап жасаудың мейлінше жоғары деңгейде екені анықталды, 30 мыңнан аса осындай құқық бұзушылықтар тіркелген екен⁶.

Бұл орайда құқық бұзушылық профилактикасы бойынша оларды жою жөнінде нақты шаралар дайындайтын Ведомствоаралық комиссияның мүмкіндіктері толықтай пайдаланылмай отырғанын да айта кетуіміз керек.

Мәселен, тұрғындармен тікелей қарым-қатынас жасайтын полицияның ең төменгі қызметтері әр өңірдің әлеуметтік, экономикалық әлсіз тұстарының салдары болып табылатын құқық бұзушылықтардың туындау себептері мен жағдайларын жақсы біледі. Ал олардағы ақпараттар жергілікті атқарушы органдарының заңды бұзушылықты

⁴ *Sosedskiy prismoТР* // <http://mvd.gov.kz/portal/page/portal/sko/about/COCEДCКИЙ%20ПРИCМОТР>; Проект “*Sosedskiy prismoТР*” не призывает «стучать» друг на друга – ДВД // https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/proekt-sosedskiy-prismoТР-prizyivaet-stuchat-drug-dругa-dvd-284570/; Таксисты будут сотрудничать с полицией // http://gubernia-tv.ru/news/taksisty_budut_sotrudnichat_s_policiiej/ (2016 жылғы 2 қазан).

⁵ «Қоғамдық кеңестер туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі // <http://adilet.zan.kz> (2016 жылғы 2 қазан).

⁶ Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің 2016 жылдың 8 айындағы Қазақстан Республикасындағы криминалға қарсы жағдай туралы ақпарат // Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Құқық қорғау жүйесі бөлімінің материалдары.

дер кезінде алдын алу үшін талдау жүргізуіне жақсы жинақтау материалы болар еді. Бұның өзі құқықтық тәртіпті ұстануға ғана емес, халықтың билікке, оның ішінде полиция деген сенімінің артуына игі әсерін тигізеді.

Алтыншы тұжырым. ЖПҚ жеке құрамының заңдылық пен тәртіпті сақтауының ең төменгі деңгейде екендігі.

ЖПҚ құрылғаннан бергі 2016 жылдың бірінші жартыжылдығындағы аралықта қызметкерлерге қатысты 253 қылмыстық іс қозғалған, соның 219-ы жол жол жүру тәртібін бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған (20-сы жүргізуші куәлігінен айырылған), 100-і теріс қылықтары үшін қызметтен босатылған, солардың 33-і сыбайлас жемқорлық жасағаны үшін қызметтен кетірілген⁷.

Жол-патрульдік полиция секілді учаскелік полиция инспекторларының да өз қызметінің аясында сыбайлас жемқорлыққа «ұрыну» қаупі бар.

Сонымен бірге паракорлық, алаяқтық жүйелі сипат алуда, ЖПҚ қызметкерлерінде жеке тұлғалардың әкімшілік құқық бұзушылық хаттамасы туралы жалған мәліметтерді ақпараттық базадан алатын дағды қалыптасты. Бұл ұсақ бұзақылық, қоғамдық орындарда алкогольді ішімдіктерді ішу, мас күйінде болу, қоғамдық орындарда тыйым салынған орында темекі тарту, жүргіншілердің, жол қозғалысына қатысушылардың жол жүру ережелерін бұзуы секілді жалған әкімшілік құқық бұзушылық көрсеткіштерін алу мақсатында жасалады.

Бұл арада Павлодар ЖПҚ-нің тәжірибесін айта кеткен жөн. Онда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығының алдын алу үшін күнделікті жол-патрульдік нарядқа түсетіндерге жауаптылыққа тартылған

ЖПҚ қызметкерлері түсірілген бейнетаспа көрсетіледі.

Жетінші тұжырым. ЖПҚ-нің кадрмен және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі жеткілікті дәрежеде еместігі.

Ескерте кетсек, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына кіретін елдерде полиция мамандығының жастар алдында беделі жоғары, өйткені бұл мамандықтың лайықты өмірге сүру кепілдігі мол.

Қазіргі күні елімізде ЖПҚ-не үміткерлердің 1,5 мың жұмыс орны бос тұр. Бұл Астана қаласындағы жергілікті полиция қызметінің штат санымен тең. Мұның өзі полиция мамандығының беделі төмен дегенді білдіреді. Жалақының аздығы, жұмыс уақытының нормадан тыс болуы, физикалық және психикалық жүктеменің ауырлығы, әлеуметтік қорғалмау, осының барлығы да түптеп келгенде жастардың полиция мамандығын таңдауына, ал қызметкерлердің кәсіби шеберлігін ұдайы ұштап отыруына кері әсерін тигізетін факторлар.

Мақаламызды қорытындылай келе, қазіргі қызмет атқарудағы жергілікті полиция қызметінің үлгісі бойынша өңірлерге шыққандағы нәтижелерді, сондай-ақ қоғамдық тәртіп және қылмыстылық бойынша статистикалық мәліметтерге талдау жүргізіп, ол жөнінде алдын ала жеті тұжырым жасадық. Жергілікті полиция қызметінің басты міндеті болып табылатын құқық бұзушылық профилактикасы рөлінің, тұрғындармен жұмыстың төмендеуін көрсеттік. Алда бағыт жергілікті полиция қызметінің Қоғамдық кеңестермен, әкімдікпен өзара байланысына жеткілікті назар аударылу қажеттігін анықтадық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Губанов А.В. Основы организации и функционирования полиции зарубежных государств и использование их опыта для совершенствования деятельности органов внутренних дел России: дисс... докт. юрид. наук: 12.00.02. - Москва, 1997. - 355 с. С.33-34.
2. Горшенева И.А. Полиция в механизме современного государства: Теоретико-правовые аспекты: дисс... канд. юрид. наук: 12.00.01. - Москва, 2002. - 237 с. С. 98.
3. Мороз О.Б. Организационно-правовые основы деятельности полиции государств Западной Европы: дисс... канд. юрид. наук: 12.00.02. - Москва, 2004. - 150 с. С. 76-77.

REFERENCES

1. Gubanov A.V. Osnovy organizacii i funkcionirovaniya policii zarubezhnyh gosudarstv i ispol'zovanie ih opyta dlja sovershenstvovaniya dejatel'nosti organov vnutrennih del Rossii: dis... dokt. jurid. nauk: 12.00.02. - Moskva, 1997. - 355 s. - S. 33-34.

⁷ 2016 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қорғау туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ақпараты // Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Құқық қорғау жүйесі бөлімінің материалдары.

2. Gorsheneva I.A. Policija v mehanizme sovremennogo gosudarstva: Teoretiko-pravovye aspekty: diss... kand. jurid. nauk: 12.00.01. – Moskva, 2002. – 237 s. - S. 98.

3. Moroz O.B. Organizacionno-pravovye osnovy dejatel'nosti policii gosudarstv Zapadnoj Evropy: diss... kand. jurid. nauk: 12.00.02. – Moskva, 2004. – 150 s. - S. 76-77.

УДК 347.965

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ АДВОКАТСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Абдрахманова Сайма Жангельдиновна

Ведущий научный сотрудник отдела гражданского, гражданско-процессуального законодательства и исполнительного производства Института законодательства Республики Казахстан, магистр юриспруденции; г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: sa.abdrakhmanova@adilet.gov.kz, saima_a@mail.ru

Ключевые слова: адвокатская деятельность; юридическая помощь; адвокатура; независимость; юридическое образование; кодекс профессиональной этики; адвокатское сообщество; стажировка

Аннотация. Настоящая статья подготовлена на основе аналитической справки, посвященной анализу вопросов совершенствования адвокатской деятельности в Республике Казахстан, над которой работала ведущий научный сотрудник отдела гражданского, гражданско-процессуального законодательства и исполнительного производства ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан» в 2016 году. В целом проблемы адвокатской деятельности затрагивались и анализировались в трудах целого ряда отечественных и зарубежных ученых.

Вместе с тем в последнее время рассмотрение вопросов совершенствования адвокатской деятельности получило особую важность в условиях реализации пяти институциональных реформ Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева.

В этой связи в статье ставится цель – выработать рекомендации по дальнейшему совершенствованию института адвокатуры в Казахстане в соответствии с международными принципами адвокатуры, с учетом сравнительно-правового анализа деятельности адвокатуры в странах дальнего и ближнего зарубежья. Для достижения указанной цели применяется диалектика, метафизика, дедукция, анализ, сравнение, синтез, обобщение и формально-юридический метод.

Уделяется внимание проблемам законодательства Республики Казахстан об адвокатской деятельности касательно: 1) правового статуса адвоката; 2) порядка проведения аттестации; 3) профессионального уровня адвокатов; 4) адвокатского сообщества; 5) регламентация деятельности юристов. На основании анализа упомянутых и других проблем правового регулирования адвокатской деятельности был выработан ряд рекомендаций.

Полученные результаты исследования в настоящей статье могут быть использованы в законотворческой работе по совершенствованию адвокатской деятельности в Республике Казахстан.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ЖЕТІЛДІРУ

Сайма Жангелдіқызы Әбдірахманова

Қазақстан Республикасының Заңнама институты Азаматтық, азаматтық іс жүргізу заңнамасы және атқарушылық іс жүргізу бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері, заңтану магистрі; Астана қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: sa.abdrakhmanova@adilet.gov.kz, saima_a@mail.ru

Түйін сөздер: Адвокаттық қызмет; заң қызметі; адвокатура; тәуелсіздік; заң білімі; кәсіби ар-намыс кодексі; адвокаттық қауымдастық; тағылымдама

Аннотация. Берілген мақала «Қазақстан Республикасының Заңнама институты» ММ